

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласы «Қуаныш» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазналық кәсіпорны  
МКҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысы

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мекеменің атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласы «Қуаныш» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазналық кәсіпорны
Кұрылтайшы	«Ақмола облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Бөбекжай басшысы	Омарова Бақытжамал Нығыметовна
Заңды мекен-жайы:	020000, Қазақстан, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Саббатаева к. 169 үй
Байланыс телефондары	(87162) 25-79-05, 33-52-30
Электрондық почта:	<a href="mailto:kyanish2009@mail.ru">kyanish2009@mail.ru</a>
Бөбекжайдың сайты	<a href="http://kuanish2009@mail.ru.aqmoedu.kz">kuanish2009@mail.ru.aqmoedu.kz</a> .
Бөбекжайдың инстограмы	
НОБД	87162257905 Аa12345*
Интернет жылдамдығы	20 Мб/с
«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласы «Қуаныш» бөбекжайының жұмыс уақыты	Жалты топтар сағат 08.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс және мереке күндірін қоспағанда, бес күндік жұмыс аптасы.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	1.Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, берілген уақыты 15.01.2021 ж.; 2.Жарғы, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 05 қантардағы № А-1/3 қаулысымен бекітілген, тіркеу №1723-1902-НАО-ГП, 15.01.2021 жыл. Руксат етуші құжаттар: 1 .Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама, №KZ85RVK00043771, 20.12.2022 ж. 2.Медициналық қызмет лицензиясы, №22025951, берілген уақыты 26.12.2022 жыл.
Жобалық қуаты	240 орын
Занды тұлға өкілінің байланыс деректері	Бөбекжайдың меңгерушісі: Омарова Бақытжамал Нығыметовна. Көкшетау қалалық білім бөлімінің 01.08.2022 жылғы №291 бұйрығымен және Ақмола облысы білім басқармасының ротациялау комиссиясының 2022 жылғы 30 маусымдағы хаттамасы, 2022 жылғы 01 тамыздағы №486 еңбек шарты негізінде.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

Бөбекжайдағы педагогтардың жалпы саны — 26. Оның ішінде жоғары білімі — 15 педагог, орта арнайы білімі — 11 педагог. Жоғары мектепке дейінгі білім бар педагогтар саны — 7. Орта арнайы мектепке дейінгі білім бар педагогтар саны — 6. Мектепке дейінгі білімі бар педагогтардың жалпы саны — 13 педагог, бұл жалпы педагогтар санының 50% құрайды. Шектеулі мамандарды (логопед, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшілері) есепке алмағандағы керсеткіш – 68% құрайды. Бөбекжайда мектепке дейінгі білімі жоқ-4 педагог бар. Кабдушева Жайнауль Байбатыровна диплом бойынша мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі»; Хамзина Шинар Сериковна диплом бойынша мамандығы «Бастауыш сынып мұғалімі»; Шарипова Кульзипа Казизовна диплом бойынша мамандығы «Тарих мұғалімі»; Ескендинова Алия Назаровна диплом бойынша мамандығы «Бастауыш сынып мұғалімі», аталған педагогтар біліктілікті жоғарлау курстарынан өтті. Бөбекжайда келесідей педагогтар құрамы жарақталған: әдіскер -2, логопед (совместитель) -1, педагог-психолог — 1, музыка жетекшілері — 2, дене шынықтыру нұсқаушысы — 1, тәрбиешілер — 19.

2020-2021 оқу жылы —20%

2021-2022 оқу жылы —41 %

2022-2023 оқу жылы — 50 %

Педагогтардың соңғы үш оқу жылында сапалық құрамын салыстыратын болсақ, 2022-2023 оқу жылында педагогтардың құрамының сапасы 50%, бұл 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 30% жоғары, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 9% жоғары. 2022-2023 оқу жылында 6 педагог аттестаттаудан өтуге өтініш білдірсе, оның ішінде 1 педагог педагог-модератор біліктілігін 30 жыл жұмыс өтілі болуымен портфолиосын қорғады. Бұл жалпы педагогтардың 4% құрайды. 5 педагог ПББ-дан жаз мезгілінде өтеді.

Педагогтардың білімі бойынша соңғы үш оқу жылындағы салыстырмалы мәлімет:

2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
жоғары	орта арнайы	жоғары	орта арнайы	жоғары	орта арнайы
15	12	11	14	15	11

2022-2023 оқу жылында жоғары білімі бар педагогтар саны жалпы педагогтардың 58% құраған және бұл көрсеткіш 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 3%, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 14% жоғары.

2020-2021 оқу жылы — 55 %

2021-2022 оқу жылы — 44 %

2022-2023 оқу жылы — 58 %

Бөбекжай педагогтарының біліктілігіне байланысты бойынша мәлімет:

Оқу жылы	Жалпы біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар саны	Оның ішінде аттестация алдынағы курстан өткендер саны	Өзге
2022-2023 оқу жылы	4	2	2

2020-2021 оқу жылы — 88 %

2021-2022 оқу жылы — 74 %

2022-2023 оқу жылы — 15 %

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту керсеткіштерінің динамикасы соңғы оқу жылында төмендегені байқалады. Бұл педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан жоспарлы өту (3 жылда 1 рет) уақыттарының мерзімі келмегенге байланысты.

Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет.

Оқу жылы	5 жылға дейін	10 жылға дейін	15 жылға дейін	15 жылдан артық
2022-2023 оқу жылы	8	4	7	7

Педагогтардың жас шамаласы бойынша мәлімет:

Оқу жылы	20 жаска дейін	20-25 жас	25-30 жас	30-35 жас	35-40 жас	40-45 жас	45-50 жас	50-55 жас	55-60 жас	60 кейін
2022-2023	0	5	1	2	0	3	7	4	2	2

### 3.Тәрбиеленушілер контингенті

Бөбекжайдың қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Бөбекжайда топтардың жалпы саны — 10. Оның ішінде кіші топ- 2 , ортаңғы топтар — 2, ересек топтар — 3, мектепалды топтар — 3. Бөбекжайдағы жалпы балалар саны — 240. Оның ішінде кіші топтағы бала саны 40, ортаңғы топтардағы балалар саны — 50, ересек топтардағы балалар саны 75, мектепалды топтардағы балалар саны — 75. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптар сақталады.

Бөбекжайда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталады, яғни, бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі —5 жыл, бір жас тобында — 1 жыл.

2022-2023 оқу жылында «Қуаныш» бөбекжайында» тіл кемістіктері бар балалармен жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілді.

Логопунктағы балалар саны – 25, оның ішінде келесідей диагноздары бар:

СТЖД-І – 13 - 51%

СТЖД- II –4 – 16%

СТЖД- III- 1- 4%


СТЖД-III- ІҮ- 1- 4%

ФФД- 2- 8%

СТЖТД – 1-4%

СТТ – 2- 8%


ПДТ,СТТ,Қ-қ қ және әл.өә -1 -4%



2022-2023 оқу жылының басында кемістігі бар балалардың мониторингі  
 Бөбекжайдан шыққан балалар саны -4 – 16%  
 Келесі оқу жылға қалдырылған саны - 21 бала –84%

СТЖД-I – 13 -62%  
 СТЖД- II –2– 12%  
 СТЖД- III- 1-4%  
 СТЖД –III-IV– 1-4%  
 ФФД-1 – 4%  
 СТТ –2- 10%  
 ПДТ,СТТ,Қ-қ қ және әл.әә -1 -4%

2022-2023 оқу жылының аяғында кемістігі бар балалардың мониторингі



Коррекциялық жұмыс әр-бір баламен ПМПК жолдамасының қортындысына байланысты жүргізіліп отырды.

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

##### Әдістемелік мақсаты:

Бөбекжайда нәтижелі әдіс-тәсілдерді, бағдарламаларды ендіре отырып, баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны құру арқылы тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыру.

##### Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін заманауи әдіс-тәсілдер мен бағдарламаларды зерделу, ендіру;
- бала өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қол жетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру;
- балалардың таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивациясын дамыту;
- балалардың креативлігін, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- педагогтарды белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуға ынталандыру.

**Нәтиже:** Көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы артады.

Бөбекжайда меңгерушімен бекітілген әр жас топтарына арналған жұмыс оқу жоспарлары, перспективалық жоспарлар, циклограммалар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, күн тәртібі бар. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестелерінде тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

Тәрбиелеу мен оқыту процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспарларда бағдарламаның міндеттері әр бағыт бойынша толықтай камтылған. Әр аптаға құрылған циклограммаларда күн тәртібінің барлық режимдік сәттері ескерілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда педагогтар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс- әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтауды;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұның жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтауды;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдануды;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны құруды ескереді.

Ортаңғы, ересек, мектепалды топтарда аптасына бір рет вариативтік бөлім бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Вариативтік бөлімге арналған бекітілген перспективалық жоспарлар бар.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыста арнайы бейімделген перспективалық жоспарлар қолданылады.

Бөбекжай педагогтары өз қызметтерін жүзеге асыруда оқытудың жаңа инновациялық технологияларын тиімді қолданады. Мектепалды даярлық топтарында вариативтік бөлімде ӨТТШТ (ТРИЗ) әдісі қолданылады. Бөбекжай логопеді Б.К. Тулегенова «Программа специального дошкольного обучения детей с ОНР» (авторлар МС. Грушевская, З.А. Мавкебаева, Л.П. Паламарчук, И.В. Пашигораева, Б.С.Халыкова) әдістемесін қолданады. Сонымен қатар бөбекжайдың барлық педагогтары өз жұмыстарында денсаулықты сақтау технологияларын, ақпараттық коммуникативтік технологияларды белсені қолданады.

Бөбекжайда жас мамандармен жұмыс арнайы құрылған жоспар бойынша жүзеге асырылды және жас мамандарға арнайы тәлімгерлер тағайындалған. Жас мамандармен 2022-2023 оқу жылында бөбекжайдың жылдық жоспарының негізінде келесі жұмыстар атқарылған:

- Оқу жылы барысында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді,
- Оқу жылы барысында жас мамандардың жұмысына бақылау жүргізілді,
- «Смарт» мақсатты анықтау бойынша ұсыным берілді;
- Педагог-психолог жас мамандармен «Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау» зерттеуін жүргізілді;
- «Педагогтің қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында кеңес берілді;

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда арнайы құрылған шығармашылық топ өз жұмысын жүргізді. Шығармашылық топтың жетекшісі - бөбекжайдың

музыка жетекшісі А.А.Бейсембаева. Шығармашылық топтың құрамында бөбекжайдың тәжірибелі, шығармашыл мамандары жұмыс жасаған. Шығармашылық топтың негізгі міндеті оқу жылы барысында бөбекжай ішінде, қала, облыс, Республика көлеміндегі сайыстарға педагогтар мен тәрбиеленушілердің қатысуын ұйымдастыру және оларға әдәстемелік қолдау көрсету.

2022-2023 оқу жылы барысында бөбекжайда тәрбиеленушілердің отбасымен және әлеуметпен де әртүрлі бағыттарда жұмыстар жүргізілген.

Аталған жұмыстар бөбекжайдың бекітілген жылдық жоспары аясында жүзеге асырылған. Атап айтатын болсақ, оқу жылы барысында ата-аналарға төмендегідей тақырыптарда кеңестер берілген:

1. «Баланың бөбекжайға бейімделуі»,
2. «Баланың сөздік қоры және оның ерекшелігі;
3. «Ерекше қажеттілігі бар балаға деген ерекше көзқарас».

Бөбекжайдың ата-аналарға арналған консультациялық пунктінде де жылдық жоспарға сәйкес бірқатар жұмыстар жүзеге асырылған. Жұмыс екі бағытта ұйымдастырылған: жеке және топтық. Жекеше түрде балалармен «Үй жағдайында баланың жеке күн тәртібін ұйымдастыру» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілген, бөбекжайдың педагог-психологі ата-аналарға нұсқаулар берді.

Оқу жылы барысында жолда жүру ережесіне үйрету бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, балалармен келесі ойын-сауықтар ұйымдастырылған:

- «Жолда журу ережесін сақта!»;
- «Кешеге саяхат» экскурсиясы;
- Кіші топта «Бағдаршам» ойыны;
- «Саяхат» ойын-сауығы.

Сонымен қатар ата-аналарға «Баланы жолды бақылауға қалай үйретуге болады?», «Жолда қалай жүру керек?» балаларға психологиялық тақырыбында кеңестер берілген.

2022-2023 оқу жылында Көкшетау қаласының №6 орта мектеп лицейімен өзара сабақтастық жоспары құрылған. Осы жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылған:

- Мектепалды тобының тәрбиеленушілері «Білім күніне» байланысты мектепте өткен салтанатты саптүзеуге қатысты;
- «Мен болашақ оқушымын» суреттер көрмесі ұйымдастырылды;
- «Баланы жаңа ортаға дайындау: қиыншылықтар мен қорқыныштар» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес берілді,
- Түлек картасы толтырылды.

Бөбекжайда балалардың бойында туған жерлеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, қызығушыларын қалыптастыру мақсатында саяхаттар ұйымдастырылды:

- Балалар кітапханасына саяхат;
- Өлкетану мұражайына вертуалды саяхат;



- Бөбекжай жанындағы аллеяға саяхат;
- Жакын жердегі дәріханаға саяхат;
- М.Ғабдуллин муражайына саяхат;
- Мәңгілік алауга саяхат.

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Туған жер», «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақарапта жұмыстар жүргізілді.

Қуаныш бөбекжайында **2022ж қыркүйек айында** «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша Кәсіби даму филиалының курсқа қатысатын әдіскерлері, тәрбиешілерге қалалық семинарын өткіздік. Семинарда «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң-үйретемін!» ойын жаттығуын дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, логопед, музыка жетекшілері қосылып кіріктірілген 4 орталық тәжірибе алмасу жұмысын көрсеттік.

22-қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер күніне арналған «Балғын ұрпақ, ардақта ана тілінді» атты ашылу салтанатын және тақпақшылар сайысын ұйымдастырып өткіздік, оған бөбекжайымыздың ересек және мектепалды даярлық топтары қатысып мадақтама грамоталарымен марапатталды. №1 «Сұңқар» ересек тобының тәрбиеленушісі Ақыл Айханым I-орын иегері атанды, №2 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Ерболат Аиша II-орын иегері атанып, №7 «Аққу» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Жақсыбаев Мақсат III-орын иеленіп марапатталды.

«Балалар жылы» аясында «Достар» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен балабақша бүлдіршіндері арасында өткізілген «Сәлем саған туған жер» атты қалалық патриоттық ән байқауына №8 «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Сатыбалдинова Меруерт қатысып, белсені қатысқан үшін диплом алды

2022ж қазан айында Республика күніне арналған фестиваль.

### **2022ж желтоқсан айы**

«16-ші желтоқсан» - Тәуелсіздік күніне салтанатты концерт өткізілді

«Жаңа жыл» мерекесіне №2 «Жұлдыз», №7 «Аққу», №8 «Құлыншақ» мектепалды даярлық, №3 «Бүлдіршін», №9 «Қуырмаш» ересек, №5 «Қарлығаш» кіші топтарда ертеңгіліктер өтті.

**2023ж 27 қаңтар күні** «Достар» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен өткізілген егіздер арасындағы ұйымдастырылған қалалық «Егіздер-2023» шоу бағдарламасына №2 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Еркін Тамерлан, Еркін Томирис қатысып, III-ші орын иегері болып дипломмен марапатталды және №7 «Аққу» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Жақсыбаева Сымбат, Жақсыбаев Мақсат «Егіздер-2023» шоу бағдарламасына белсене қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.

«Екі жұлдыз» қалалық сайысқа Ақерке Дулатқызы музыка жетекшісімен бірге қатысып, диплом, ақшалы сертификат ие болды

### **2023ж қаңтар айы**

**27 қаңтар күні** «Достар» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен өткізілген егіздер арасындағы ұйымдастырылған қалалық «Егіздер-2023» шоу бағдарламасына №2 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Еркін Тамерлан, Еркін Томирис қатысып, III-ші орын иегері болып дипломмен марапатталды және №7 «Аққу» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Жақсыбаева Сымбат, Жақсыбаев Мақсат «Егіздер-2023» шоу бағдарламасына белсене қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.

**2023ж ақпан айында** Қуаныш бөбекжайында Білім бөлімі ұйымдастыруымен балабақшалар арасында өзге ұлт өкілдері қызметкерлері қатысуымен: «Тіл білгірі -2023 » қалалық байқауы өтті

**21 ақпан күні** «Достар» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен балабақша қыздар арасында өткізілген «Кішкентай ханшайым-2023» атты қалалық сайысына қатысып № 8 «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Сатыбалдинова Меруерт белсені қатысқан үшін диплом алды

**2023ж сәуір айында** «Қуаныш» бөбекжайының әкімшілігінің ұйымдастыруымен жалпы педагогтар арасындағы «Үздік педагог - 2023» кәсіби қызметтегі жоғары жетістіктерін анықтау үшін.

**27 сәуір күні** «Әкеге қарап, ұл өсер»-атты әкемен бала қатысуымен спорттық сайысты дене шынықтыру нұсқаушысы Ботагоз Сеилбековна, педагог психолог Құралай Абжапаровна, музыка жетекшісі Асем Айбасовна кіріктіріп өткіздік.

2023ж 1 мамыр мерекесіне арнайы ата-анамен бірлесіп «Бірлігіміз жарасқан» сайыс өткізілді

### **2023 ж наурыз айы**

**8 Наурыз мерекесіне** №2 «Жұлдыз», №7 «Аққу», №8 «Құлыншақ» мектепалды даярлық, № 3 «Бүлдіршін», №9 «Қуырмаш» ересек, №5 «Қарлығаш» кіші топтарда ертеңгіліктер өткізілді.

**22 Наурыз мерекесі** «Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем» атты фестиваль өтті. Фестивальда қазақтың салт-дәстүрлері көрсетілді, балалар би билеп, ән айтып, тақпақтарын айтты.

### **2023ж мамыр айында**

**1 мамыр мерекесіне** ата-анамен бірлесіп «Бірлігіміз жарасқан» сайыс өткізілді

**1 Мамыр мерекесіне** арналған «Достығымыз жарасқан» атты фестивальда балалар қазақ, орыс, өзбек, украина, халықтарының биін билеп, оркестрда ойнап, ән айтып өнерлерін көрсетті.

**9 Мамыр мерекесіне** «Мен Отанымның болашақ қорғаушысымын» атты (сап түзеу, ән айту) мерекелік іс-шараны өткіздік. Балалар: Гимн орындап,

«Егемен Қазақстан» «Жеңіс күні», «Жеңіс туы желбіреп» «Жойылсын жалғыс сөз соғыс деген» әндерді айтты

«Екі жұлдыз» қалалық сайысқа Ақерке Дулатқызы музыка жетекшісімен бірге қатысып, диплом, ақшалы сертификат алды

Бөбекжаймен қоштасу ертеңгіліктерін өткіздік. Балалар әндерді орындап, билеп, оркестрде «Балабақшамен қоштасу» шығарманы орындады, ойындарды ойнап, өлең жолдарын айтты.

### **Ата-аналар мен балалардың бірлескен қызметінің көрмелері:**

- «Күз сыйы»
- «Қыс қызығы»
- «Аналар күні»
- «Наурыз мерекесі»
- «Балабақшамен қоштасу»

### **Тәрбиешілер сурет көрмелері мен фото – көрмелер ұйымдастырды**

Сурет көрмелері:

«Күз алтын» суреттер көрмесі;

«Күз сый» балалар жұмыстарының көрмесі

«Тәуелсіздік елім» суреттер көрмесі

«Қыс келді» суреттер көрмесі

«Жаңа жыл!» суреттер көрмесі

«8 Наурыз» балалар суреттерінің көрмесі

«Наурыз келді» балалар жұмыстарының көрмесі

«Космос» балалар суреттерінің көрмесі

«Ару көктем» балалар суреттерінің көрмесі

Қабырға газеттері:

8 наурызға қабырға газеті «Анам менің қымбаттым».

1 және 9 мамы айының мерекелеріне орай қабырға газеті шығарылды.

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда 5 педагогикалық кеңес ұйымдастырылды. Бұл педагогикалық кеңестер қарсаңында келесідей ашық түрдегі ҰІӨ ұйымдастырылды:

### **Педагогикалық кеңес өткізілгенге дейін ашық көріністер**

Сондай-ақ, тәжірибе алмасу үшін «Қуаныш» бөбекжайының педагогтары ашық ұйымдастырылған іс-шараларға өзара қатысты

Қараша

**1.Тақырыбы:** «Көңілді пішіндер» - ОмирсериковаЗ.М.;

**2.Тақырыбы:** «Ойнайық та ойлайық» - Кабдушева Ж.Б.;

**3.Тақырыбы:** «Өлі және тірі табиғат» - ШариповаК.К.

Қантар

**Тақырыбы:** «Мнемокесте арқылы баланың тілін дамыту»- Бектемирова Д.С.

**Тақырыбы:** «Орманға саяхат» кіріктірілген іс-әрекет- Қайыркеш Н.Қ.;

**Тақырыбы:** «Бүктемелі шаршы»- Ергалиева К.Б.;

**Тақырыбы:** «Білім еліне саяхат»-Каиргельдиева А.Б.

Наурыз

1. **Тақырыбы:** «Сенсорика» еліне саяхат»- Серикова А.Ж.;
2. **Тақырыбы:** «Сиқырлы пішіндер»- Ескендірова А.Н.,
3. **Тақырыбы:** «Түрлі-түсті пішіндер»- Хамзина Ш.С.
4. **Тақырыбы:**«Ғажайыптар әлеміне саяхат»- Есекеева М.Ш.

Мамыр

1. **Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісі - Бексеитова Р.Г.;
2. **Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі - Теміртас Н.М.,
3. **Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі - Шалқарбаева Ж.К.,
4. **Тақырыбы:** «Шалқан» ертегісі - Есекеева М.Ш.,
5. **Тақырыбы:** «Ертегі еліне Саяхат» - Серикбаева А.Ж.,
6. **Тақырыбы:** «Біздің кішкентай достарымыз» - Габдуллина С.М.,
7. **Тақырыбы:** «Ертегі желісінде білім әлемі» - Ахметжанова М.Ж.

**Қорытынды:** ҰІӨ жүргізу кезінде тәрбиешілер баланың қызығушылығын қолдайтын және оның іздеу қызметін дамытуға ықпал ететін әртүрлі әдістер қолданды.

Педагогикалық кеңестердің тақырыптары бөбекжайдың жылдық максат, міндеттерін шешуге, әдістемелік тақырыпты ашуға, бөбекжайдың басымдылық бағытының міндеттерін орындауға бағытталды және педагогикалық кеңестерді ұйымдастыруда өткен оқу жылы қорытындысы бойынша талдауда берілген ұсыныстар ескерілді.

Мамыр айында бөбекжайының барлық жас шамасындағы топтарда қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер өтті. Қорытынды ҰІӨ-де тәрбиеленушілердің бағдарламаны меңгеру деңгейлері бақыланды. Жалпы, балалар бағдарлама материалын меңгергендері байқалды. Дегенменде балалардың коммуникативтік дағдылары, танымдық зияткерлік дағдылары ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Әсіресе, кіші, ортаңғы топтарда балалардың белсенді сөздік қорын дамыту қажеттігі байқалады. Ересек және мектепалды топтарда балалардың диалогтік және монологтік сөйлеу қабілеттеріне ерекше көңіл бөлу керек. Көп жағдайда балалар қойылған сұрақтарға қысқа, біржақты жауап береді. Сондай-ақ ересек және мектепалды топтарда балалар мәселені талқылауда белсендік танытпайды, сондықтан осы бағытта педагогтарға қосымша жұмыстар ұйымдастырған жөн. Балалардың танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту барысында салыстыруға байланысты ұғымдарды меңгерту бойынша жұмыстар жүргізу қажет. Балалар әртүрлі заттарды салыстыруда олардың айырмашылықтарын анықтауда қиыншылықтармен кездеседі.

2022-2023 оқу жылы барысында бөбекжайда 5 әдістемелік кеңес ұйымдастырылды. Аталған әдістемелік кеңестерде тәрбие мен оқыту үдерісін ұйымдастыру барысындағы езекті мәселелер қарастырылды.

### № I Педагогикалық кеңес

Өтілу мерзімі: 31 тамыз 2022 жыл

Өткізілетін түрі: кеңес

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы	мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>«Педагогикалық бастама. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> педагогтарды жаңа оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқытудың жылдық жоспарының мазмұнымен таныстыру, жаңа оқу жылындағы жұмыс бағыттарын айқындау.</p>		
2	<p><b>Дайындық жұмыстары:</b></p> <p>1.Бөбекжайдың жаңа оқу жылдың дайындығына фронталдық бақылау жүргізу.</p> <p>2.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жүзеге асырылу сапасы бойынша қорытынды есеп жасау.</p> <p>3. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын, күн тәртібін құру.</p>	2022 ж. тамыз	әдіскер Кульмаганбетова Г.Е.
3	<p><b>Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:</b></p> <p><i>Психологиялық тренинг</i></p> <p>1. Кіріспе сөз</p> <p>2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау</p> <p>3. 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері</p> <p>4. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспармен таныстыру</p> <p>5. Талқылау және бекіту: - Бір жылға арналған жұмыс жоспары,</p>	2022 ж. қыркүйек	педагог-психолог Орымбетова Қ.А.  Меңгеруші Б.Н.Омарова әдіскер Кульмаганбетова Г.Е. әдіскер Молдағалиева Г.Б.  әдіскер Кульмаганбетова Г.Е.



<p>туралы теориялық анықтама</p> <p>3. Педагогтардың өткізген ұйымдастыру іс-әрекетін талдау</p> <p><b>Практикалық іс-әрекеттер:</b> қолданылған технология бойынша материалды көрсетіп, осы технологияны қолданып балалармен жұмысты көрсету мақсатында әріптестеріне 3 тапсырма дайындап шебер-сыныбын өткізу.</p> <p>5. Қаулы қабылдау.</p>		<p>Әдіскер Амрина Ж.А.</p> <p>Омирсерикова З.М. Кабдушева Ж.Б. Шарипова К.К</p> <p>Педагогтар Шебер сыныбы Омирсерикова З.М. Кабдушева Ж.Б. Шарипова К.К Меңгеруші, педагогтар</p>
--	--	--

### III - ші педагогикалық кеңес

<p><b>«Мектепке дейінгі ұйымының тәжірибесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалармен жұмыс тәжірибесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, тәрбиешілердің білімдерін жүйелеу, кәсіби күзінеттілігін арттыру.</p>			
<p><b>Дайындық жұмыстары:</b></p> <p>1. Ашық көрсетілімдер: <b>Тақырыбы:</b> «Мнемокесте арқылы баланың тілін дамыту» <b>Тақырыбы:</b> «Орманға саяхат» кіріктірілген іс-әрекет <b>Тақырыбы:</b> «Бүктемелі шаршы» <b>Тақырыбы:</b> «Білім еліне саяхат»</p> <p><b>Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:</b></p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Педагогикалық кеңес қарсаңында өткен ашық ҰІӨ, көрме қорытындысын талдау.</p> <p><b>Практикалық іс-әрекеттер:</b> қолданылған технология бойынша материалды көрсетіп, осы технологияны қолданып балалармен жұмысты көрсету мақсатында әріптестеріне 3 тапсырма дайындап</p>	<p>2023 ж. қаңтар</p> <p>2023 ж. қаңтар</p>	<p>Бектемирова Д.С. Қайыркеш Н.Қ .</p> <p>Ергалиева К.Б. Каиргельдиева А.Б.</p> <p>әдіскер Бектемирова Д.С. Қайыркеш Н.Қ . Ергалиева К.Б. Каиргельдиева А.Б. Әдіскер, Эксперттік комиссиясының</p>	<p>педагогикалық кеңесте ақпарат беру.</p>

беру. 5. Аттестацияға баратын педагогтардын портфолио жинағы бойынша эксперттік комиссиясының шешімі. 6. Қаулы қабылдау.		төрайымы Ергалиева К.Б. меңгеруші	
--	--	---	--

#### IV - ші педагогикалық кеңес

**Өтілу мерзімі:** наурыз 2023 жыл

**Өткізілетін түрі:** дәстүрден тыс

1	<p>Тақырыбы: «Ойнайық та – жасайық»</p> <p>(Сенсорика және математика негіздері ұғымдарды қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сенсорика және математика негіздері ұғымдарды қалыптастыру ұйымдастыру іс-әрекетінде инновациялық ықпалмен, шығармашылық тұрғыда ойын түрінде жүзеге асыру жолдарын іздестіру.</p>		
2	<p><b>Дайындық жұмыстары:</b></p> <p>1. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Сенсорика» еліне саяхат»</p> <p>2. <b>Тақырыбы:</b> «Сықырлы пішіндер»</p> <p>3. <b>Тақырыбы:</b> «Түрлі-түсті пішіндер»</p> <p>4. <b>Тақырыбы:</b> «Ғажайыптар әлеміне саяхат»</p>	2023ж. наурыз	тәрбиешілер Серикова А.Ж.  Ескендинова А.Н. Хамзина Ш.С.  Есекеева М.Ш.
3	<p><b>Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:</b></p> <p>1. Педагогикалық кеңес дәстүрден тыс өткізіледі</p> <p>Тақырыбы: «Ойын еліне саяхат»</p> <p>1) психологиялық тренинг</p> <p>2) I бөлімі - баяндама</p> <p>3) II бөлімі - теориялық</p> <p>4) III бөлімі - қорытынды</p> <p>2. Педагогикалық кеңестің шешімі.</p>	2023ж. наурыз	Меңгеруші, әдіскерлер педагогтар  меңгеруші әдіскер
<p><b>Көрме дайындау</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру және сенсорика: тәжірибе, мәселелер, перспективалар»</p>			





	<p>тәртібінің кестелерін бекіту.</p> <p>8. Жаз мерзімінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша бөбекжай тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық (№3).</p> <p>9. Педагогикалық кеңестін шешімі.</p>		
--	---	--	--

2022-2023 оқу жылында тәрбиелік бағытта келесі бірқатар іс-шаралар ұйымдыстырылды.

Білім күніне байланысты өткізген іс-шаралар	<p>1 .Әңгіме түрінде ҰІӨ</p> <p>2.Сап түзеу</p>
Қазақстан халықтарының тілдері байланысты өткізілген әс-шаралар	<p>1. «Тілдер достығы» (фестиваль).</p> <p>2. «Ұлы Абай» (мәнерлер оқу сайысы).</p> <p>3. «Қазақстан халықтарының тілдері мен дәстүрі»</p>
Қазақстан Республикасы күні мерекесіне арналған іс-шаралар:	<p>1.Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет «Тәуелсіз Қазақстан»</p> <p>2. 25 қазан Республика күніне арналған мерекелік бейнеролик дайындау</p> <p>3. «Ұлттық ойынмен шыңдалайық!» қазақ ұлттық ойындары</p> <p>4. «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» суреттер көрмесі (ата-аналармен бірлескен жұмыс)</p> <p>5. «Әнім саған – ҚАЗАҚСТАН!» фестиваль</p>
Күз мерекесіне байланысты өтетін іс-шаралар.	<p>Ертеңгіліктер:</p> <p>1.«Дархан күз»</p> <p>2.«Күз молшылық»</p> <p>3.«Алтын күз-әсем айналам»</p> <p>4.«Арайлы Алтын күз»</p> <p>5.«Берекелі күз келді»</p> <p>6.«Алтын күз әсем айналам, Еліне береке сыйлаған»</p> <p>7.«Алтын күз»</p> <p>8.«Берекелі алтын күз»</p> <p>9.«Сары алтындай сары күз»</p> <p>10.«Күз жомарт»</p>

<p>ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған іс-шаралар.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер кіші және ортаңғы топтарда</li> <li>2. «Тәуелсіз елдің ұланымыз!»</li> <li>ҚР тәуелсіздік күніне арналған мерекелік бейнеролик дайындау</li> <li>3. «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ — ҚАЗАҚСТАН!» суреттер көрмесі (ата-аналармен бірлескен жұмыс)</li> <li>4. «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз», кіріктірілген ұйымдастыру іс-әрекеті</li> <li>5. «Тәуелсіздік FEST» фестиваль МД топтар</li> </ol>
<p>Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шаралар.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Келді міне Жаңа жыл»</li> <li>2. «Көңілді жаңа жыл»</li> <li>3. «Сыйқырлы жаңа жыл»</li> <li>4. «Жарқыра Жаңа жыл!»</li> <li>5. «Ғажайып Жаңа Жыл»</li> <li>6. «Төрлет, төрлет Жаңа Жыл!»</li> <li>7. «Қуант бізді, Жаңа жыл!»</li> <li>8. «Жаңа жылым –Армысың!»</li> <li>9. «Жаңа жылдың жарқырасын шамдары»</li> <li>10. «Қош келдің, Жаңа жыл!»</li> </ol>
<p>8-ші наурыз мерекесіне арналған әс-шаралар.</p>	<p>Ертеңгіліктер:</p> <p>«Ана» деген Асыл сөз»</p> <p>«Асыл ана!»</p> <p>«Аналар асыл жандар шуақ болып шашылғандар»</p> <p>«Әлемнің Жарығы Ана»</p> <p>«Аяулы Анашым»</p> <p>«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»</p> <p>«Құттықтаймын анашым»</p> <p>«Аяулы анашым»</p> <p>«Көп жаса Анашым!»</p> <p>«Бір ананың гүліміз»</p>
<p>1 Наурыз</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Алғысым шексіз...» тақырыптық іс-әрекет</li> <li>2. «1-наурыз алғыс айту күні», ҮІӘ</li> <li>3. «Ризашылық» тақырыптық ҮІӘ</li> <li>4. Ойын –сауық «1 наурыз – Алғыс айту күні»</li> </ol>

<p>Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қош келдің Әз Наурыз», ҰІӨ</li> <li>2. «Наурыз келді», ҰІӨ</li> <li>3. «Наурыз келді, Алақай!», ҰІӨ</li> <li>4. «Менің ұшқыр қиялым», ҰІӨ</li> <li>5. «Шымырлық пен шеберлік күні» шеңберінде «Ханталапай» ойынының байқауы</li> <li>6.«Жыл басына таласқан хайуанаттар» (Ертегі қойылымы)</li> <li>7.«Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем» (Фестиваль)</li> </ol>
<p>12 сәуір ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралар</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Суреттер көрмесі «Жұлдызды шашу» (ортаңғы топтар).</li> <li>2.Құнсыз заттардан жасалған көрме «Таңғажайып аспан әлемі» (ересек топтар).</li> <li>3.«Ғарышка сапар» әңгіме мектепалды даярлық топта.</li> </ol>
<p>1 мамыр мерекесіне арналған ісшаралар</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Достықпен бірлік күні» мерекесіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет.</li> <li>2. «Әкеге қарап, ұл өсер..» спорттық сайысы.</li> <li>3. «Ел бірлігі –ең асыл қасиет», ойын-сауық.</li> <li>4. «Бірлігіміз жарасқан», 1-мамыр бірлік күніне арналған ата-анамен бірлесіп өткізілген сайыс.</li> <li>5. «Достығымыз жарасқан»</li> </ol> <p>1 Мамыр Бірлік күніне арналған фестиваль</p>
<p>9 мамыр мерекесіне арналған ісшаралар</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.«Ер есімі-ел есінде» ұйымдастырылған іс әрекеті</li> <li>2. «Әрқашан күн сөнбесін» 9 Мамыр мерекесіне ұйымдастырылған іс-әрекет</li> <li>3. «Мен Отанымның болашақ қорғаушысымын!», саппен жүру, ән айту.</li> <li>4. Спорттық сайыс: «Епті шекарашылар»</li> </ol>
<p>«Қош бол, балабақшам!» балабақшамен қоштасу ертеңгіліктер</p>	<p>Мектепалды даярлық топтарында бөбекжаймен қоштасу ертеңгіліктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.«Қош бол, балабақшамыз!»,2топ</li> <li>2. «Бөбекжаймен қоштасу кеші», 8 топ</li> <li>3. «Қош бол, бөбекжайымыз!», 7 топ</li> </ol>
<p>Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне байланысты іс-шаралар.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Қалалық іс-шараларға қатысу.</li> <li>2. «Біз бақытты баламыз» флешмоб</li> <li>3.«Бала қиялындағы әлем» асфальтта сурет салу</li> </ol>

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда арнайы құрылған жоспар бойынша бірқатар бақылау жұмыстары жүзеге асырылған. Фронталдық бақылау оқу жылының алдында тамыз айында топтардың жаңа оқу жылына жалпы дайындығын тексеру мақсатында өткізілді, тақырыптық бақылаулар бөбекжайдың жылдық мақсат, міндеттерің жүзеге асырылу сапасын бақылау мақсатында педагогикалық кеңестер қарсаңында жүргізілді. Бақылау жұмыстарының негізінде анықталған кемшіліктер педагогтарға жеткізіліп, ұсыныстар берілді және кемшіліктерді түзету жұмыстары ұйымдастырылған.

## 5. Оқу-материалдық активтер

Бөбекжай ғимараты 2 қабатты. Бөбекжайда 10 топқа арналған топ бөлмелері бар. Оның ішіндегі 3 топта балалардың ұйықтайтын бөлмелері бөлек, қалған 7 топта ойын бөлмесі мен ұйықтайтын бөлме біріктірілген. Бөбекжайда келесідей кабинеттер бар:

1. Меңгеруші кабинеті
2. Әдістемелік кабинет
3. Дене шынықтыру залы
4. Музыка залы
5. Логопед және психолог кабинеті (біріктірілген)
6. Дәрігерлік кабинет
7. Есеп бөлімінің кабинеті
8. Кір жуу бөлмесі
9. Асхана
10. Қабылдау бөлмесі

Бөбекжайда балаларға арналған унитаздардың жалпы саны — 30, балаларға арналған қол жуғыштардың жалпы саны — 30. Ересектерге арналған дәретханалар саны — 2, және ондағы унитаздар саны 2, ересектерге арналған қол жуғыштар саны — 2. Топтардағы ыдыс жуғыштар саны — 10. Асханадағы ыдыс жуғыштардың саны — 7. Бөбекжайда барлық топтарда, дәліздерде, дене шынықтыру залында, музыка залында, бейнебақылау орнатылған. Бөбекжайда дабыл қағу жүйесі бар. Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін шақыру тетегі, пандус бар. Бөбекжайдың топтары мектеп жасына дейінгі балалардың қажеттілігіне сай жиһаздармен толық жабдықталған. Бөбекжайда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толықтай жағдай жасалған. Топтарда, дәліздерде, дене шынықтыру залында, музыка залында, асханада және сыртқы аумақта бейнебақылау камералары орнатылған. Жалпы бақылау камераларының саны — 27. Оның ішінде 17 камера ішкі және 10 камера сыртқы. Бейнебақылау камералары жедел басқару орталықтарына қосылған, дабыл тетігі бар. Бөбекжайға нешгізгі кіру есігінде күзет ұйымдастырылған. Бөбекжайдың даладан кіретін есіктері жабылады, сырттан келушілер арнайы тетікті басу арқылы бөбекжайға кіреді. Бөбекжайда эвакуация жоспары бар. Дәліздерде далаға шығу жолдарын көрсететін белгілері бар. Бөбекжай ғимаратында төтенше жағдайларда далаға шығуға арналған қосымша есіктер бар. Оқу жылы барысында ТЖ

қызметкерлерінің қатысуымен бөбекжайда жаттығулар жүргізілді. Бөбекжайда терроризмге қарсы қорғалу паспорты бар.

#### 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Бөбекжайда келесі техникалық құралдар бар:

- 1) Компьютер -6;
- 2) Ноутбук — 3;
- 3) Интерактивті такта — 2;
  
- 4) Проектор — 2;
- 5) Принтер — 7 (оның ішінде 3 сканерлі)

#### Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Бөбекжайда оқу жылы барысында 3 рет:

- бастапқы — қыркүйек;
- аралық — қантар;
- қорытынды — мамыр айында жүргізілген.

#### Қорытынды мониторинг қорытындылары бойынша

##### Кіші топ балаларының барлық саны - 40 бала

№4 «Гүлдер» кіші тобы

№5 «Қарлығаш» тобы

Физикалық қасиеттерді:

Жоғары деңгей – 13 бала , бұл 32.5 % құрайды /26

Орташа деңгей – 13 бала, бұл 32.5% құрайды

Төмен деңгейі – 14 бала, бұл 35% құрайды –

Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:

Жоғары деңгей – 12 бала , бұл 30 % құрайды. / 28

Орташа деңгей – 15 бала, бұл 37.5% құрайды

Төмен деңгейі - 13 бала, бұл 32.5 % құрайды –

Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....

Жоғары деңгей – 13 бала , бұл 32,5 % құрайды. /27

Орташа деңгей – 14 бала, бұл 35% құрайды

Төмен деңгейі – 13 бала, бұл 32.5% құрайды –

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....

Жоғары деңгей – 13 бала , бұл 32,5% құрайды. 26 /

Орташа деңгей – 13 бала, бұл 32.5% құрайды

Төмен деңгейі - 14 бала, бұл 35% құрайды –

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....) және т. б. барлық топтар бойынша.

Жоғары деңгей – 13 бала , бұл 32.5 %кұрайды. / 26/  
Орташа деңгей –13 бала, бұл 32.5% құрайды  
Төмен деңгейі – 14 бала, бұл 35% құрайды –

**Ортаңғы топ балалардың барлық саны – 50 бала ,**

№6 «Балапан» ортаңғы топ,  
№ 10 «Ботақан» ортаңғы топ

Физикалық қасиеттерді:

Жоғары деңгей – 30 бала , бұл 60%кұрайды. /46/  
Орташа деңгей –16 бала, бұл 32% құрайды  
Төмен деңгейі – 4 бала , бұл 8% құрайды –

Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:

Жоғары деңгей – 30 бала , бұл 60%кұрайды. /46/  
Орташа деңгей – 16 бала, бұл 32% құрайды  
Төмен деңгейі - 4 бала, бұл 8% құрайды –

Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....

Жоғары деңгей – 28 бала , бұл 56%кұрайды. /44/  
Орташа деңгей –16 бала, бұл 32% құрайды  
Төмен деңгейі – 6 бала, бұл 12% құрайды –

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....

Жоғары деңгей – 31 бала , бұл 62%кұрайды. /46/  
Орташа деңгей – 15 бала, бұл 30% құрайды  
Төмен деңгейі - 4 бала, бұл 8% құрайды –

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....)

Жоғары деңгей – 28 бала , бұл 56 % құрайды. /44/  
Орташа деңгей –14 бала, бұл 28 % құрайды  
Төмен деңгейі - 8 бала, бұл 16 % құрайды –

**Ересек топ балалардың барлық саны – 75 бала**

№1 «Сұңқар» ересек тобы,  
№3 «Бүлдіршін» ересек тобы,  
№9 «Қуырмаш» ересек тобы

Физикалық қасиеттерді:

Жоғары деңгей – 39 бала , бұл 52%кұрайды. /75/100%  
Орташа деңгей –31 бала, бұл 41% құрайды  
Төмен деңгейі – 5 бала , бұл 7% құрайды –

Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:

Жоғары деңгей – 34 бала , бұл 45%кұрайды. /66/  
Орташа деңгей – 32 бала, бұл 43% құрайды  
Төмен деңгейі - 9 бала, бұл 12% құрайды –

Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....

Жоғары деңгей – 42 бала , бұл 46%кұрайды. /68  
Орташа деңгей –26 бала, бұл 35% құрайды  
Төмен деңгейі – 7 бала бұл 9% құрайды –  
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....  
Жоғары деңгей – 37 бала , бұл 49%кұрайды. /67  
Орташа деңгей – 30 бала, бұл 40% құрайды  
Төмен деңгейі - 8 бала бұл 11% құрайды –

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....) және т. б. барлық топтар бойынша.

Жоғары деңгей – 35 бала , бұл 47 % құрайды. /67  
Орташа деңгей –32 бала, 43 % құрайды  
Төмен деңгейі - 8 бұл 11 % құрайды –

**Мектепалды даярлық топ балалардың барлық саны – 75 бала**

№2 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы,  
№7 «Аққу» мектепалды даярлық тобы,  
№8 «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобы

**Физикалық қасиеттерді:**

Жоғары деңгей – 39 бала , бұл 52 %кұрайды. /70  
Орташа деңгей –31 бала, бұл 41 % құрайды  
Төмен деңгейі – 5 бала , бұл 7 % құрайды –

**Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 37 бала , бұл 49%кұрайды. /69  
Орташа деңгей – 32 бала, бұл 43% құрайды  
Төмен деңгейі - 6 бала, бұл 8 % құрайды –

**Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту**

Жоғары деңгей – 34 бала , бұл 45 % құрайды. /69  
Орташа деңгей –35 бала, бұл 47 % құрайды  
Төмен деңгейі – 6 бала, бұл 8 % құрайды –

**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....**

Жоғары деңгей – 38 бала , бұл 51 %кұрайды. /69  
Орташа деңгей –31 бала, бұл 41 % құрайды  
Төмен деңгейі – 6 бала, бұл 8 % құрайды –

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**

Жоғары деңгей – 36 бала, бұл 48 %кұрайды. /69  
Орташа деңгей –33 бала, бұл 44 % құрайды  
Төмен деңгейі – 6 бала, бұл 8 % құрайды –

Бөбекжай бойынша қорытынды мониторингқа 240 бала катыскан, бұл кіші топта-40 бала, ортаңғы топта – 50 бала, ересек тобы – 75 бала, мектепалды



даярлық топта – 75 бала. Жалпы бөбекжай бойынша 121 бала жоғары деңгейін көрсетті бұл жалпы балалар санының 50% құрайды, орташа деңгейді көрсеткен балалар саны 91, бұл жалпы балалар санының 38% құрайды.

### Қорытынды:

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бөбекжайдың тәрбиелеу мен оқыту үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін көрсетті. Бөбекжайда өз қызметін жүргізуге қажетті құқық беруші және құрылтайшы құжаттар бар. Бөбекжайда мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталады. Педагог кадрлар құрамы толықтай жарақталған, бейіні бойынша білімдері бар, қайта даярлау курстарынан өткен. Сонымен қатар педагогтардың барлығы үш жылда бір рет арнайы біліктіліктерін арттыру курстарынан өткен. Тәрбиеленушілер контингентін топтарға жарақтауда «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптары және «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» сақталады. Балаларды топтарға қалыптастыру кезінде жас кезеңділіктері және «Үлгілік бағдарламаны» игеру мерзімдері сақталады. Бөбекжайда оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыруға қажетті жұмыс оқу жоспарлары, перспективалық жоспарлар, циклограммалар ұйымдастырылған іс-әрекет кемтелері мен күн тәртібі бар. Аталған құжаттар мектепке дейінгі ұйымның алғашқы педагогикалық кеңесінде қарастырылып, бекітілген. Сонымен қатар бөбекжайда тәрбие мен оқыту үдерісін жүзеге асыруға қажетті жағымды жағдай жасалған. Барлық топтар заманауи талаптарға, баланың жас ерекшеліктеріне, эстетикалық талғамға сай жиһаздармен, құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыздандырылған. Бөбекжайда тәрбиелеу мен оқыту үдерісі барысында қолдануға қажетті көркем әдебиеттер қоры да бар. Бірақ, әр жас кезеңіне сәйкес оқу-әдістемелік кешендер жоқ. Сондай-ақ бөбекжай оқытудың техникалық құралдарымен де қамтамасыз етілген. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілермен үш рет мониторинг жүргізіледі және мониторинг қорытындысы бойынша балалардың жеке даму картасы толтырылып, осы жеке даму карталарының негізінде әр баламен дамыту, түзету жұмыстары ұйымдастырылады. Бөбекжайда педагогтардың озық іс-тәжірибелерін тарату жұмысы жандандыруды қажет етеді. Осы жағдайға байланысты бөбекжай педагогтарының шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру қажет. 2022-2023 оқу жылында бөбекжайда әлеуметпен жүргізілетін жұмыстар жоспарға сәйкес жүзеге асырылған. Дегенмен, мектеппен сабақтастық жұмысына ерекше көңіл бөлу қажет. Оның ішінде бөбекжай және мектеп педагогтары арасында әріптестік серіктестікті құру бағытындағы жұмыстарды нығайту керек. Осы бағытта жұмысты күшейту ұсынылады.

Усыныстар:

- 1.Бөбекжайда педагогтардың озық іс-тәжірибелерін тарату жұмыстарын жандандыру;
- 2.Педагогтардың бейіні бойынша жоғары білім алуға ынталандыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 3 .Мектеппен сабақтастық жұмысының сапасын арттыру;

Комиссия торайымы:

Омарова Бақытжамал Нығыметовна

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

1.Амрина Жанар Айбасовна

\_\_\_\_\_

2.Молдағалиева Гульжан Бирлестиковна

\_\_\_\_\_

3.Орымбетова Құралай Абжаппаровна

\_\_\_\_\_

4.Тулегенова Бахыт Қазақстановна

\_\_\_\_\_